



Өсімдіктердің шірне бөлінуіне қажетті жағдайлар

Орындаған: Касейнова Гуляим
ТГПЖ-101

Тексерген: Молдахметова Гаухар

Жоспары

I Кіріспе

Шірне

II Негізгі бөлім


2.1 Қазақстанның негізгі шірнелі өсімдіктері

2.2 Географиялық жағдайы

III Қорытынды

Шірне шығаруға әсер ететін себептер





Қазақстанның негізгі шірнелі өсімдіктері

Жер шарында гүлді өсімдіктердің 150 мыңнан астам түрі бар. ҚР территориясында 20 мыңға жуық түрі кездеседі, солардың ішінен мыңнан астамы шірнелі өсімдіктер түрлері.

Осылардың ара өсіру шаруашылығы үшін 200-ге жуық түрінің маңызы бар.





Шірнелі өсімдіктер жабайы өсетіндерге (табиғи) және екпелі (ауыл шаруашылық) болып бөлінеді. Гүлдеу уақыты бойынша ерте көктемгі, жазғы және күзгі шірне өсімдіктеріне бөлінеді. Әртүрлі табиғи жағдайларда және арқилы жылдарда шірнелі өсімдіктердің гүлдеу мерзімдері сәйкес келмейтінін айта кеткен жөн. Өскен жері бойынша оларды ауыл шаруашылық егістік шірнелі өсімдіктерге, егілген шірнелі жеміс пен жидектерге, жабындықтар мен жайылымдар шірнелі өсімдіктеріне, орман шірнелі өсімдіктеріне бөледі.




Егістік ауыл шаруашылық шірнелі өсімдіктер

- Еліміздің әр түрлі аймақтарында олардың мәні бірдей емес. Еліміздің оңтүстік және оңтүстік-шығыс бөлігінде ауыл шаруашылық дақылдары шірне жинаудың басты, ал көптеген жағдайда бірден-бір көзі. Мұнда аумақты жерлерде күнбағыс, қарақұмық, рапс, кориандр, қыша, эспарцет және басқалары сияқты үздік сапалы шірне өсімдіктері. Оңтүстік Қазақстанда – қоза мен суармалы жоңышқа егіп өсіріледі.*





Қазақстанның орманды-далалық бөлігінде аралар үшін егістік дақылдардың мәні айрықша. Мұнда қарақұмық, күнбағыс, ақ қыша, кориандр кеңінен таралған. Бірақ бұл аудандарда жабайы өсетін шірнелі өсімдіктердің де қызметі аз емес.



Орманда аймақта егістік шірнелі өсімдіктер кенет азайып кетті. Мұны қаракұмық егісінің аумағы шамалы, тек ақ және қызғылт жоңышқаның, оның үстіне түйежоңышқаның тұқымға арналған егісі ғана аралардың шірне жинауына толық мүмкіндік береді.

Географиялық жағдайы

БЕЛГІЛІ БІР ШІРНЕЛІ ӨСІМДІКТЕРДІҢ ШІРНЕ ӨНІМДІЛІГІ ОҢТҮСТІКТЕН СОЛТҮСТІККЕ ЖЫЛЖЫҒАН САЙЫН АРТА ТҮСЕДІ. МЫСАЛЫ, КҮРЕҢОТТЫҢ ШІРНЕ ӨНІМДІЛІГІН СОЛТҮСТІККЕ ЖЫЛЖЫҒАН САЙЫН КӨБЕЙЕ ТҮСЕДІ. ӨЗГЕ ТҮРЛЕРДІҢ ШІРНЕЛІ ӨСІМДІКТЕРІНДЕ ДЕ ОСЫНДАЙ ЗАҢДЫЛЫҚ БАЙҚАЛАДЫ. МЫСАЛЫ, ТАЛШЫНДА, АЗАЛИЯДА, ЕМЕНДІ ТОҒАЙШАДА ЖЕРДІҢ ТЕҢІЗ ДЕҢГЕЙІНЕН КӨТЕРІҢКІЛІГІ АРТҚАН САЙЫН БІР ГҮЛДЕ ҚАНТ МӨЛШЕРІ КӨБЕЙЕДІ.

Шірне шығаруға әсер ететін себептер:

Шірнелі өсімдіктердің шірне шығаруы сол жердің географиялық ендігіне және теңіз деңгейінен биіктігіне, шірнелі өсімдіктің гүлдеу кезінен ауа райының жағдайына, дақылды егудің агротехникасына, оның сорттық ерекшеліктеріне және басқа көптеген жағдайларға байланысты.



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ара шаруашылығы (оқулық) - Алматы, 2012, Б.М. Махатов, Б.Р. Әкімбеков, Г.Н. Нурадил, К.К. Қайроллаев, М.К. Байбатшанов, Ү.А. Нұралиева
2. Ара шаруашылығы (оқулық) - Б.Р. Әкімбеков

Назарларыңызға рахмет!

